

Дәріс № 15. Халықаралық стандарттау және сертификаттау

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 8- Экологиялық мониторинг әдістерін біледі және орындайды;

ПОН 9- Биоиндикацияны қолданудың негізгі принциптері мен түрлері, Сынамаларды іріктеу әдістемелерін көрсетеді;

ПОН 10-Қоршаған орта сапасын нормалау түрлерін орындай алады;

ПОН 11- Экологиялық стандарттаудың нормативтік-құқықтық тұрғыда талдау жасап, Экологиялық кодекске, мемлекеттік стандарттар мен дүниежүзілік метеорологиялық ұйымдарға анықтама бере алады

Дәріс жоспары:

1. Халықаралық сертификаттау.
2. Халықаралық стандарттау

Дәріс мақсаты: Халықаралық стандарттау және сертификаттауды түсіндіру

Дәріс мәтіні:

1. Халықаралық стандарттау

Халықаралық стандарт- стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт (Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 9 қарашасындағы «Техникалық реттеу туралы» Заңы).

Халықаралық стандарттар құрамындағы адамдардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге, денсаулық сақтау мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ақпараттың құндылығы арқасында елдер арасындағы сауданы кеңейтуге арналған негізгі құжаттар болып табылады.

Халықаралық стандарттаудың басты идеясы болып жасалып қойған ұлттық стандарттардың негізінде халықаралық стандарттар әзірлеп, оларды ұлттық деңгейде жүзеге асыру табылады. Сондықтан да халықаралық ұйымдардың техникалық комитеттері бар ұлттық стандарттарға әсер ету үшін кеңестер дайындады. Алғашқы кеңестер («Өнеркәсіптік өлшемдер үшін стандартты анықтамалық температуралар») 1951 жылы пайда болды, ал 1957 жылы ИСО-ның онжылдығында барлығы 57 кеңестер болды. Бірақ, осыған қарамастан кәсіпорындар оларға тәуелсіз халықаралық стандарттар ретінде жүгіне алмады. Осыған байланысты, халықаралық стандарттарды қабылдауға бағдар алған жұмысты қайта құру басталды.

Қазақстандық өнеркәсіптердің көптеген шетелдік серіктестіктері ИСО 9000 сапа жүйесінің халықаралық сертификатын алу талаптарымен қатар OHSAS 18001:2007 (Occupational health and safety management systems) халықаралық стандарттың талаптарына жауап беретін денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі жүйесінің халықаралық сертификатының бар болуын талап етуде. Бұл стандарт бірлестіктерде келенсіз жағдайлардың орын алуын азайтатын, яғни жабдықтардың сынуының, қызметкерлердің жарақаттануының және денсаулығына қауіп төндіретін оқиғалардың алдын алып отыратын жұмыс жүйесінің құрылуына әсер етеді.

Мұндай халықаралық стандарттың қажеттілігі күмән тудырмайды. Бұл келесі қағидалармен айқындалады: жаһандану үрдісі мемлекеттердің экономикалық байланыстарын кеңейтуде, өнімнің өндірісі мен тауар айналымының көлемін жоғарылатуда, жаңа технологиялардың қуаты мен жылдамдығы тұрақты түрде өсуде, осының барлығы жабдықтардың апатты жағдайларға ұшырап, адамдар мен қоршаған ортаға экологиялық жүктемелердің түсуін көбейтіп, ұзақ уақытқа дейін ұмытылмайтын ететін оқиғаларға жеткізуі мүмкін. Мысал ретінде, Чернобыльдегі атом электр станциясының, алып мұнай құятын танкерлердің жарылысын, ірі авиажарылыстарды келтіруге болады. Жаңа әлем өндіріс объектілерімен қаныққан, бұл әсіресе, Жапония, АҚШ, Еуропа сияқты жоғары деңгейде дамыған өңірлерге тән сипат. Бұл өнеркәсіптік ел-дер қазір экономикада жаңа белестерге көтерілуде, олар өздерінің жетістіктерін жоғары қояды және өз территориясында, сол тәрізді көрші елдерде де ешқандай техногенді жағдайлардың болмауын қалайды. Өндірістегі авариялардың негізгі себебі «адамдық» фак- тор болып табылады, ешқандай автоматтандыру

өндірістің толық қауіпсіздікте болуына кепілдік бере алмайды. Адам бұрынғыдай соңғы шешімді қабылдайтын басты фигура болып қалады. Өндірістік ортада адамның әрекеті көптеген факторларға не-гізделеді, бұлар - профессионалдық білім, тәжірибе, көңіл күй, физикалық қалып және т.б.

Кейбір жағдайларда адамның іс-әрекетін болжау өте қиын. Нәтижесі қандай жағдайға әкелетінін анықтау қиын әрекеттерді болжауды болдырмау үшін, адамның өндірісте барлық іс-әрекетін толығымен жазып отыратын іс-әрекеттер жүйесінің халықаралық стандарттары енгізілуде, әсіресе оның түсініксіз іс-әрекеттерін штаттық емес жағдайларда болдырмау үшін. Бұл ИСО 9000 сапа жүйесінің стандарттары мен OHSAS 18001 стандартында қамтылған жалпы қағида.

Соңғы уақытта стандарттау өз қызметтерінің саласын кеңейтуде, ол жеке түрде әлеуметтік қатынастарға енгізілуде. Бұл үрдіс БҰҰ-ның «Тұрақты даму» жаңа концепциясының қабылдануымен, экономиканың жаһандануымен негізге алынды.

1997 жылы Кеңестің аккредиттеу бойынша агенттігімен экономикалық бағыт бойынша SA 8000:1997 «Әлеуметтік жауап-кершілік» (Social Accountability) халықаралық стандарты дайындалды және енгізілді. Стандарт 2001 жылы жаңартылды.

SA 8000 стандарты кез келген бірлестікте оның көлеміне, мен-шіктік пішініне және қызметтүрлеріне қарамастан қолданыла алады. Ол балаеңбегіне, қажетті еңбекке қатысты, тәртіптік әдістердің, еңбекақысының кепілдігімен әлеуметтік қамтамасыздандырудың, жұмыс күнінің ұзақтылығының, денсаулық пен қауіпсіздіктің, қауымдастықтар бостандығының, ұжымдық келіссөздердің, сонымен бірге басқару жүйесі мониторингтерінің бағдар-ламалары мен стандарттар қатарын қамтиды. Бұл стандарттың талаптары географиялық орналасуға, қызметтің саласына, компанияның көлемі мен меншіктік пішініне тәуелсіз қолдануға ыңғайлы.

SA 8000 стандарты ерікті сертификаттауды жүргізу үшін үшінші жақтың қатысуымен әлеуметтік жауапкершіліктің бақыланып отыратын, реттелген стандартын орнатуға бағытталған. SA 8000 стандарты бала Құқығы бойынша БҰҰ-ның Конвенциясына, адам Құқығының Жалпы Декларациясына және Халықаралық Еңбек Бірлестігінің (ХЕБ) конвенциясының 11 қағидасына негізделеді.

Бұл стандартна келесі талаптар енгізілген:

1. Дамушы елдерде 14 жастан, дамыған елдерде 15 жастан кіші балаларды жұмысқа алуға болмайды.

2. Қамауға алынғандар мен әкімшіліктік жауапкершілікке тартылғандардың еңбегін қоса алғанда, жұмысшыларды өз еріктеріне қарсы жұмыс істетуге болмайды.

3. Жұмысшылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамта-масыз ету мақсатында іс-шаралар қабылдау қажет. Жұмыс істеу қауіпсіз және қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету, техникалық қауіпсіздіктің барлық талаптарын орындау, жұмысшыларды толық көлемді оқыту, сапалы тұрмыстық ауызсуға қол жеткізу сияқты іс-шаралар атқарылуы тиіс.

4. Жұмысшыларды жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізуде бостандықпен қамтамасыз ету қажет. Кәсіподақ-тардың, ассоциациялардың және басқа да жұмысшылар қауымдастықтарының бостандығы.

5. Кез келген шектеулерге тыйым салу. Жыныстық, діни, физикалық шектеулер, жас мөлшері және т.б. белгілер бойынша бөлулерді болдырмау.

6. Жұмыс берушілер тәртіптік қалыптандырылған әсерлерді қолданбау керек, ең кем дегенде, жұмысшылар мем-лекетпен бекітілген минималды мөлшердегі еңбекақы алуы тиіс. Жұмысшыларды масқаралауға, денелік жазалауға, физикалық не-месе ойлық қысым көрсетуге толығымен тыйым салу

7. Жұмыс уақыты аптасына 48 сағат болуы тиіс, ал жоғары нормалы жұмыс аптасына 12 сағаттан аспауы тиіс.

8. Басқару жүйесі стандартталуы тиіс.

Стандарттың қорытынды бөлімінде алдағы уақытта стандарттың талаптарына

сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін қажетті жүйелерді анықтайтын басқару жүйелері қарастырылады.

Бұл стандарттың қолданылуы жұмысшыны өндірісте жиынтықтық қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тек қана физикалық денсаулығын емес, әлеуметтік-моральді қорғанысын қамтамасыз етеді, адамның жеке тұлға ретінде толыққанды дамуы-на жағдай жасайды, азамат және адам ретінде негізгі құқықтарын қамтамасыз етеді. Берілген жағдайда стандарттау құқықтық қамтамасыздандырудың заңдық функцияларын өзіне алады.2. Халықаралық сертификаттау

Экологиялық таңбалауды халықаралық деңгейде алғаш рет 1992 жылы Рио-де-Жанейродағы қоршаған орта және дамуы атты БҰҰ дүниежүзілік конференциясында ұсынды. Конференцияның бекіткен «XXI ғасырдың күн тәртібінде» қаралып, экологиялық белгілеуді қарастыратын бағдарламалады қолдау керектігі айтылған

Қазіргі таңда белгілеудің халықаралық сауда саттықтағы мәні зор.экологиялық таңбалау мәселесі дүниежүзілік сауда ұйымының сауда және қоршаған орта комитетінің (The WTO Committee on Trade and Environment) құрамына кіреді.

Халықаралық сертификаттаудың кең тараған тармағы экологиялық таңбалау.1992 жылы Еуропалық Одақ Кеңесі Экологиялық таңба құру туралы шешім қабылдады. Оның графикалық символы болып гүл сайланды. Осы күнге дейін бұл белгі эко - таңбалау елдерін біріктіреді . 2007 жылы, 290-нан астам компаниялар « гүл» белгісімен өз өнімдерін таңбалауға құқығы бар және ол 2500-ден астам түрлі өнімдер мен бұйымдар болып табылады. Бұл белгі бүкіл Еуропа бойынша 340 млн-нан астам клиенттерден әсер етеді.

Кейбір шет елдердің экологиялық таңбаларын назарларыңызға ұсынамын.



"Көгілдір Ангел" (Алмания)



"Ақ аққу" (Скандия елдері)



"Экологиялық таңдау" (Канада)



"Эко-белгі" (Япония)



Европа одағының эко-белгілері

Европа одағының талаптарына сәйкес келетін эко-белгісі, сондай-ақ Германияның "Көгілдір Ангел" белгісі өнімнің экологиялық талаптарға сай келетіндерін білдіреді және қаптамада екі түрде, яғни ақ фонға көк және көгілдір түріде беріледі. Олар шектелген жағдайда пайдалануға болатын қауіпті тауарларға белгіленеді. Европалық экологиялық белгілеуді беру ұттық деңгейде жүргізіледі. Сондай-ақ, басқа да шетелдік тауарлардағы экологиялық белгілер төмендегі мысалдарда берілген.



Өнімнің табиғи немесе органикалық шығу тегі туралы ақпараттар төмендегі белгілерде көрсетілген.



Ресейде кездесетін экологиялық талаптарды қамтитын сертификация жүйесіне сәйкес экологиялық белгілердің бірқатарын қарап көрейік.



Міндетті сертификаттау жүйесіне сәйкес белгі



Халықаралық экологиялық қордың экологиялық белгісі



Экологиялық сертификат

Хлор органикалық қосылыстардан бос өнімнің экологиялық белгісі



"Хлордан бос" белгісі



«Жасыл көк» белгісі

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Халықаралық стандарттауды айтып беріңіз.
2. Халықаралық сертификаттау айтыңыз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: ҚР Техникалық реттеу Заңы және Мемлекеттік бақылауды жүргізетін лауазымды адамдардың функциялары мен құқықтары

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Н.П. Пикула, А.А. Бакибаев, О.А. Замараева, Е.В. Михеева, Н.Н. Чернышова. Метрология, стандартизация и сертификация: учебное пособие. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 185 с.
5. В.В.Сергеев, В.В.Терегеря. Метрология, стандартизация, сертификация : Учебник, - М., Изд. Юрайт, 2011, 820с.